

Кімге: Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасына
Автор: Ошақбаев Дидар Бақытбекұлы, Зайсан ауданы, Біржан
ауылдық округ әкімі
Күні: 18.01.2025.ж

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Зайсан ауданы, Біржан ауылдық округі бойынша ірі қара малдың тұқымын асылдандыру

Кілт сөздер: селекция, субсидия, генетика, генафон,

Зерттеу әдістері: жинақтау, сұрыптау, салыстыра талдау (SWOT, PEST талдау) жүйелеу, болжау.

Кіріспе

Біржан ауылдық округіндегі шаруашылықтардың басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтар болғандықтан, ауданда мал тұқымын асылдандыру кезекті мәселеге айналып отыр. Халқымыздың тіршілік көзі болған мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының негізгі салаларының бірі болып есептеледі. Асыл тұқымды мал – табыс көзі. Оның қай салаға болмасын тигізетін әсері мол. Аталған мәселе туралы ел Президенті: «Алдымызда тағы бір өте маңызды міндет тұр. Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырмыз», - деп көрсетеді [1].

Біржан ауылдық округінде мал асылдандыру бүгінгі таңда іске асыратын негізгі мәселелердің бірі болып отыр, өйткені шаруа қожалықтарының қолындағы ірі қара малдарының гені бұрыннан келе жатқан қолтума.

Округтің табиғи жағдайлары мен мал шаруашылығы дәстүрлері ірі қараның асылдандыру әлеуетін арттырып, аймақтың экономикалық дамуына оң әсер етеді. Тұқым асылдандыру жұмыстары арқылы малдың генетикалық қасиеттерін жақсарту және жергілікті климаттық жағдайларға бейімделген өнімді тұқымдар шығару көзделеді. Аталған мәселе Жалпы Зайсан ауданы бойынша 2010 жылдан бері қолға алынғанмен шаруа қожалықтары тек табиғи жол мен асылдандыру үрдісінен аса алмай отыр.

Бүгінгі күнге дейін округте ірі қара малының тек бір түріне ғана баса мән берілген, атап айтқанда қазақтың ақ бас сиыры. Сонымен қатар ғылыми зерттеулерге сүйену, шетелдік озық технологияларды пайдалануда, шетелдік басқа етті салмақты ірі қара тұқымын округтің климаттық жағдайына жерсіндіруде артта қалудамыз. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан берілетін көмекті пайдалана отырып, әрбір

қожалық жетекшілері ірі қара тұқымын асылдандыру, ауданда асыл тұқымды ірі қара мал басының санын арттыру, халықты табиғи таза азық-түлікпен (ет, сүт өнімдері) қамтамасыз ету, ауданның жалпы ішкі өнімінің сапасын арттыруға байланысты маңызды мәселелер – тақырыптың өзектілігін танытады.

Аналитикалық жазбаның мақсаты – Біржан ауылдық округінде ірі қара малының тұқымын асылдандыру бағытында жүргізілетін саясатты, стратегиялық жоспарды ағымдағы жағдайды саралай отырып, Біржан ауылдық округі бойынша ірі қара малының тұқымын асылдандырудың тиімді жолдарын көрсету.

Негізгі бөлім

Көптеген жылдар бойы тұқымдық селекция жұмыстарының кенжелеп қалу себебінен бүгінгі таңда ірі қара малдарының тұқымы азып, сүт, пен ет өнімінің салмағы азаюда. Сондықтан мемлекетіміздің әр жерінде, қазір мал тұқымын асылдандыру жұмыстарын дұрыс жолға қойып, пайдасын көріп отырған ірі шаруашылықтар бар.

Бұл мақсатта мемлекет тарапынан мал басын асылдандыруға берілетін субсидияны Біржан ауылдық округі бойынша Мал шарушылығымен айналысатын 48 шаруа қожалығының 36 – сы мемлекет тарапынан берілетін субсидияны алып кәсіптерін дөңгелетуде. Яғни Біржан ауылдық округі шаруа қожалықтарының 75 пайызы. Қожалық жетекшілері өтініш берген кезде бірқатар мәселелерге тап болуы мүмкін, малды есепке алудың болмауы, құжаттардың жетіспеушілігі, сондай – ақ меншік құқығында немесе мемлекеттен ұзақ мерзімді жалға берілетін жер телімдерінің болмауы, субсидиялар алудан бас таруға себеп болады. Бұл ретте аудандық ауыл шаруашылығы бөлімдері мен қожалық иелеріне түсіндірме жұмыстарын үнемі жүргізу керек деп санаймын. Округ бойынша мал тұқымын асылдандыру үшін 2024 жылдың ірі қара малы соңғы 2025 жылдың 1қаңтарына алынған санақ бойынша 8106 бас [1] болса соның 3855 бас аналық ірі қараны тұқымдық түрлендіруден өткізген [3]. Яғни округтегі ірі қара малының 47,5 пайызы.

Сурет 1. Зайсан ауданы біржан ауылындағы мал санының жағдайы



Биыл Шығыс Қазақстан облысы бойынша алғашқы болып Біржан ауылдық округіне қарасты «Азамат» шаруа қожалығы 100 бас «Әулиекөл» тұқымды аналық сиырларды тиісті құжаттарымен әкеліп, округ климатымен жер жағдайына бейімдеуде.

Дегенмен мал тұқымын асылдандыру бағыты бойынша ілгерілеушілік болғанымен, бірқатар мәселелердің әлі шешімін табылмады.

1. Генетикалық әлеуеттің толық пайдаланылмауы: Көптеген шаруашылықтарда асыл тұқымды малды өсіру технологиялары толық енгізілмеген.

2. Инфрақұрылымның жеткіліксіздігі: Ірі қара малды асылдандыру бойынша ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар саны аз. Сонымен қатар, асылдандыру жұмыстарына қажетті жабдықтар мен технологиялар толық жетілдірілмеген.

3. Кадр мәселесі: Мамандардың жетіспеушілігі және біліктілік деңгейінің төмендігі асылдандыру жұмысын тежейді. Бұл ретте ауылдық округтің шаруашылық жетекшілері асыл тұқымды ірі қара малын сатып әкелгенімен, қазіргі өз кәсібін жүргізіп отырған қожалық жетекшілері әр сала мамандары болғандықтан тұқымдық селекциялық жұмыстарды толық жүргізіп, жаңа заманғы озық технологияларды пайдалануда әлсіздік танытады. Қожалық жетекшілеріне арнайы осы сала мамандарын жұмысқа тартуға қаражат қолбайлау болуда.

4. Қаржыландырудың жеткіліксіздігі: Ірі қара малды асылдандыруға бөлінетін мемлекеттік субсидиялар мен қолдау шаралары толық пайдаланылмайды.

Тақырыпты зерттеу барысында SWOT және PEST талдау жасап, мәселенің мықты және әлсіз тұстарын анықтап саяси және экономикалық жағын проблемаларына тоқтала кетсек

Күшті жағы: ірі қара тұқымын асылдандыру арқылы біз сапалы ет және сүт өнімдеріне қол жеткіземіз және оның өнімділігін арттырамыз. Ауыл шаруашылығы саласында жаңа жетістіктерге жол ашылады Ірі қара малын асылдандыру елдің азық – түлік қауіпсіздігін қамтамсыз ету экспорттық әлеуетінің артуына септігін тигізеді.

Мүмкіндіктері: тұқымдық сұрыптаудан өткен сапалы ет өнімдеріне қашан да сұраныс жоғары. Сондықтан шет елдерге экспортқа сапалы табиғи ет пен сүт өнімдерін экспортқа шығару мүмкіндігіміз жоғары болады.

Әлсіз жақтары: мал тұқымын асылдандыру саласы бойынша қожалық жетекшілері негізінен әр сала мамандары болғандықтан тұқымдық селекциялық жұмыстар жүргізуде қиындықтар бар. Жеке шаруашылықтарда арнайы мамандарды жұмысқа алу үшін қаражат тапшы.

Саяси жағы: алыс жақынды шет елдер мен байланыс орнату сауда – саттық айналымын ұлғайту.

Экономикалық жағы: жаңа жұмыс орындарының ашылуы. Экспорттың ұлғайып, ел экономикасының жақсаруына оң әсерін тигізеді.

Қорытынды

Аналитикалық жазба барысында Біржан ауылдық округі бойынша ірі қара малының тұқымын асылдандырудың бүгінгі таңда аудан экономикасына, халықты сапалы азық – түлікпен (ет және сүт өнімдерімен) қамтамасыз етуде, экспорттық әлеуеттің артуында маңызды рөл атқаратындығын ашық көрсетуге тырыстым. Сонымен қатар мал тұқымын асылдандыру саласын дамытуда кездесетін бірқатар мәселелер анықталды. Ағымдағы жағдайды саралай келе мал тұқымын асылдандыру үшін мынандай ұсынымдар айта аламын.

Ұсынылатын шешімдер / Ұсыныстар

Біріншіден, Округте мал тұқымын асылдандыру саясатын жүйелі жүргізу. Мал тұқымын асылдандыруға ниетті шаруашылық жетекшілерімен тығыз қарым – қатынаста жұмыс істеу.

Екіншіден, жергілікті жағдайға бейімделген тұқымдарды таңдау: Өңірдің климаттық және табиғи жағдайларына төзімді тұқымдарды таңдап алу асылдандыру бағдарламасының тиімділігін арттырады.

Үшіншіден, ірі қара малын асылдандыру бойынша ғылыми – зерттеу институттарымен байланыс орнатып тәжірибе алу аталған салаға көп септігін тигізеді. Осы салаға арнайы білікті мамандарды тару қажет.

Төртіншіден, мал тұқымын асылдандыру үшін қажетті қаражаттың мөлшерін арттыру маңызды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2023 ж <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>
2. Зайсан ауданы бойынша 2024 жылдың 1 шілдесі бойынша малсанағы. Зайсан аудандық статистика басқармасы.
3. Республикалық сыбаға ресми сайты. <http://www.sybaga.kz/Home/Index>